Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2017 жылғы 24 сәуірдегі
№ 235 бұйрығына 3-қосымша

«Түркістан қаласының ӘІО-дағы жапсарлас салынған орын жайлары мен паркингі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешені. 1 кезек. Секция 2-3».

Сәйкестік туралы декларация

2021 жылғы "28" мамыр

Мердігер (бас мердігер) «АҚ-ЖОЛ» ЖШС, Түркістан облысы, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы,Нурсат шағын ауданы, 163 үй, 6 пәтер
ұйымның атауы, заңды мекенжайы

«АҚ-ЖОЛ» ЖШС директоры Атаев Сабиржан Каримович
атынан ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

«Түркістан қаласының ӘІО-дағы жапсарлас салынған орын жайлары мен паркингі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешені. 1 кезек. Секция 2-3».
объектісі бойынша объектінің атауы, орналасқан жері

Тапсырыс беруші **«Түркістан қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының м.а. Жақсылық Нұрсұлтан Бақытұлы** болып табылатын
ұйымның атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

мынаны куәландырады:

1. Объектіде құрылыс-монтаж жұмыстары бекітілген жобаға (жобалау-сметалық құжаттамаға), сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес орындалған;

2. Қосалқы мердігерлік ұйым: **жоқ**
ұйымның атауы

3. Жоба (жобалау-сметалық құжаттамасы) «Астанапроект» ЖШС №4901/2019
жобалау ұйымының атауы, жобаның нөмірі

Түркістан қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі ММ-нің 16.09.2019 жылғы №55, 09.12.2019 жылғы №95, 10.09.2020 жылғы №105 санды бұйрықтарымен бекітілген.
Жобаны бекіткен (қайта бекіткен) ұйымның атауы және бекітілген күні

4. Объектінің (кешеннің) мынадай негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері бар

(қуаттылық, өнімділік, өндірістік алаң, ұзындық, сыйымдылық, көлем, өткізу қабілеттілігі, тасымалдау қабілеттілігі, жұмыс орындарының саны және сол сияқты) барлық объектілер (тұрғын үйлерден басқа) бойынша (нысаналы өнімдерге немесе көрсетілетін қызметтердің негізгі түрлеріне сәйкес өлшем бірліктерімен толтырылады):

Қуаттылық, өнімділік және тағы басқа	Өлшем бірлігі	Жоба бойынша		Нақты	
		жалпы (бұрын қабылданғандарды ескере отырып)	оның ішінде іске қосу кешені немесе кезегі	жалпы (бұрын қабылданғандарды ескере отырып)	оның ішінде іске қосу кешені немесе кезегі
Пәтер	дана	48	48	48	48

Тұрғын үйдің мынадай көрсеткіштері бар:

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Жоба бойынша	Нақты
Жалпы алаңы	Шаршы метр (бұдан әрі – $м^2$)	4887,43	4887,43
Қабаттар саны	Қабат	7	7
Жалпы құрылыс көлемі	Текше метр (бұдан әрі – $м^3$)	15070,05	15070,05
Оның ішінде жерасты бөлігі	$м^3$	1704,27	1704,27
Жапсарлас салынған, жапсарлас-жанаса салынған және жанаса салынған үй-жайлар алаңы, коммерциялық қабат	$м^2$	418,04	418,04

Көрсеткіштер	Жоба бойынша			Нақты		
	пәтер саны	Пәтер алаңы, $м^2$		пәтер саны	Пәтер алаңы, $м^2$	
		жалпы	тұрғын		жалпы	тұрғын
Барлық пәтер, Оның ішінде:	48	2811,12	2690,64	48	2811,12	2690,64
бір бөлмелі	24	991,32	924,72	24	991,32	924,72
екі бөлмелі	12	799,8	780,36	12	799,8	780,36
үш бөлмелі	12	1020	985,56	12	1020	985,56
төрт бөлмелі және одан көп	-	-	-	-	-	-

5. Объект бойынша технологиялық және сәулет-құрылыс шешімдері мынадай деректермен сипатталады: бетонды дайындық – монолитті бетоннан жасалған, іргетасы-монолитті темірбетонан орындалған, жертөле қабатының қабырғалары монолитті темірбетон жасалған, сыртқы қабырғалары-керамикалық кірпіштен қаланған, аралық қабырғалары-пенобетонды блоктардан қаланған, бағандармен маңдайшалар – монолитті темірбетоннан жасалған, аралық жабын – көп қуысты плитасымен жабылған, шатыр құрылымдары – ағаштан жасалған, шатыр жабыны – профнастиль төселінген, ішкі қабырғалар – цемент-

құмды ерітіндімен әрленген, едендер – цемент-құм ерітіндісі одан кейін паркет төселген, баспалдақтар және алаңшалар - құрама темірбетон құралымдардан, терезелер және қылтима, лоджия есіктері ПВХ блоктардан жасалған, холл едені, баспалдақ алаңшалары, бірінші қабаттағы кіреберіс едендері керамогранитті плиталар төселген, ғимарат айналасында төсеніш (отмостка) – монолитті бетон, кіреберіске мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған пандус ұйымдастырылған, пәтерлер водоэмульсиялық бояулармен әрленген, сумен жабдықтау, жылумен қамту ПВХ құбырлары арқылы жүргізіледі, пәтерлерге газ, су жылу санағыштары орнатылған, пәтерлер өртке қарсы дабыл құрылмаларымен жабдықталған ішкі қабырғалар – түсқағаздармен әрленген, пәтерге кіріс есігі – темір есік, пәтерлер теледидарға, телефонға, ғаламторға қосу порттарымен жабдықталған, пәтерлер «Ariston» типтес су жылытқыш құрылғыларымен, газ плиталарымен жабдықталған, ғимаратқа жеті аялдамалы жүк көтергіштігі 1250 кг лифт құрылғысы орнатылған, әр-бір пәтер «домофон» мен жабдықтаған, санитарлы бөлмелердің едендерімен қабырғалары - керамикалық плиткалармен әрленген, сыртқы әрлеу – табиғи травертин, мрамор тастармен және фиброцементті тақтайшалармен орындалған, сыртқы әрлеу қаңқасы темір және алюмин материалдардан құралған, цоколь бөлігі - гранит тасымен қапталған.

негізгі материалдар мен конструкциялар, инженерлік және технологиялық жабдықтар бойынша, оны орналастыру ерекшеліктері бойынша қысқаша техникалық сипаттамалар

6. Объектіде жобада көзделген, жеке сынақтан және кешенді байқаудан кейін оны қабылдау туралы актілерге сәйкес мөлшерде жабдық орнатылған;

7. Жобада көзделген еңбекті қорғау, жарылыс қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған табиғи ортаны қорғау және сейсмикаға қарсы іс-шаралар орындалған;

8.Құрылыс-монтаждау жұмыстары мынадай мерзімде жүзегеасырылған:

жұмыстардың басталуы **қазан 2019 жыл**;
айы, жылы
жұмыстардың аяқталуы **мамыр 2021 жыл;**
айы, жылы
құрылыстың ұзақтығы, ай:
құрылысты ұйымдастыру нормасы бойынша немесе жобасы бойынша 7 ай;
нақты 18 ай;

9. Қолданылған құрылыс материалдары, конструкциялар, жабдық және бұйымдар жобаның және мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес;
9-1. Жергілікті қамту үлесі жобалау-сметалық құжаттамада 95,87 % көзделген және нақты қолданылған 95,00 % (мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілерде);
10. Жерасты инженерлік желілердің және/немесе ғимараттың (құрылыс) нақты орналасуының атқарушы геодезиялық түсірілімі орындалды (сәйкестік туралы декларацияға міндетті қосымша);
10-1. Атқарушылық техникалық құжаттама толық көлемде, оның ішінде электрондық модульде бар;

11. Сыртқы инженерлік коммуникациялар (электрмен жабдықтау) объектінің қалыпты пайдаланылуын қамтамасыз етеді, оны инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету бойынша қызметтерді жеткізушілер растайды.

ұйымның атауы, басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) қолы, күні, мөрдің орны (болған жағдайда)

12. Ғимараттың шудан оқшаулауы жобаға сәйкес келеді және аккредиттелген сынақ зертханалармен (орталықтармен) жүргізілген өлшем қорытындысы бойынша санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізетін мемлекеттік ұйым берген сараптау қорытындысымен расталады (сараптау қорытындысы қоса беріледі);
13. Халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қол жеткізу қамтамасыз етілді, оны халықтың әлеуметтік қорғау органдары растайды
«Түркістан қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»

ұйымның атауы, басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) қолы, күні, мөрдің орны (болған жағдайда)

Мердігер (бас мердігер) **«Түркістан қаласының ӘІО-дағы жапсарлас салынған орын жайлары мен паркингі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешені. 1 кезек. Секция 2-2»** нысанын қабылдауға дайын деп санайды.

объектінің (кешеннің) атауы

Орындалған құрылыс-монтаждау және арнайы жұмыстардың сапасына кепілдік береді және объектінің құрылысы кезінде оның кінәсі бойынша пайда болған ақауларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілдік мерзім ішінде жоюға өзіне міндеттеме алады.

Мердігер (бас мердігер)

«АҚ-ЖОЛ» ЖШС директоры С.К. Атаев

басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы, күні
Мөрдің орны (болған жағдайда)